Камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018-03-13 19:43:04 № 25188

"ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015-11-30 № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес 2018-03-13 19:43:04 анықталған бұзушылықтарды "Арал аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 941240001315, Арал қ. хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Комитетке немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14 тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

руководитель Калиев Ганижан Пиртазаевич

2018-03-13 19:43:04 № 25188 хабарламаға қосымша

Хабарламаның №: 2199984-1

Лоттың № 16786693-ОК1

Камералдық бақылау жүргізу барысында «Арал аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен №2199984-1 (16813099-ОК1, 16840341-ОК1, 16808291-ОК1, 16813879-ОК1, 16820328-ОК1, 16812349-ОК1, 16807921-ОК1, 16837778-ОК1, 16807693-ОК1, 16815264-ОК1, 16812684-ОК1, 16844356-ОК1, 16816564-ОК1, 16825913-ОК1, 16841794-ОК1, 16778989-ОК1, 16844991-ОК1, 16841366-ОК1, 16812252-ОК1, 16785281-ОК1, 16807149-ОК1, 16779581-ОК1, 16812062-ОК1, 16813773-ОК1, 16817624-ОК1, 16812856-ОК1, 16808695-ОК1, 16813454-ОК1, 16786693-ОК1, 16809038-ОК1, 16811446-ОК1, 16808170-ОК1, 16845381-ОК1, 16813582-ОК1, 16842343-ОК1, 16846343-ОК1, 16813275-ОК1) «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын» тауарын отыз жеті лотпен 348 289 396,00 мың теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша бір қатар бұзушылықтар анықталды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9 бабы 1 тармағы, 1, 2, 3, 4 тармақшаларына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бойынша біліктілік талаптары қойылады. Заңның 27 бабының 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Заңының 21 бабы 4 тармағына сәйкес, неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттарды: 1) әлеуетті өнім берушіде: өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің; Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес, ұсынылатын тауарларға ерікті сәйкестікті растау жүргізілгенін растайтын құжаттың; ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің); Қазақстан Республикасының аумағында қалдықтардан алынған қайталама шикізат тауарына ерікті сертификаттау жүргізілгенін растайтын құжаттың; ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың болуын; 2) тауарлардың,

көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды көздеуге міндетті. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін есептеу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай - Қағида) 154 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Жұмыс тәжірибесі бір жылдан кем болған немесе ол болмаған жағдайда мұндай пайыз белгіленбейді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағиданың №7 қосымшасының (біліктілік туралы мәліметтер) ескертпесіне сәйкес, егер осы конкурста тауарларды жеткізу тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсеретеді. Сатып алынатын тауарлар нарығындағы жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар тауарларды қабылдау актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады. Дегенмен, №2199984-1 «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын» тауарын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті өнім берушілер «Жандаулетов Берик Темирханович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 4,5 балл, «Жалгасбеков Талгат Бозжигитович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 3,5 балл, «Маханов Темурлан Мутагуллаевич» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 1 балл, «Жалгасбаев Адилет» ЖК-не 2 балл белгіленген. Яғни, конкурс комиссия тарапынан, «Жандаулетов Берик Темирханович» ЖК-і, «Жалгасбеков Талгат Бозжигитович» ЖК-і, «Маханов Темурлан Мутагуллаевич» ЖК-і, «Жалгасбаев Адилет» ЖК-нің конкурстық өтінімінде шартты жеңілдіктер бойынша негізсіз баллдар белгіленбегені анықталды. Атап айтқанда: 1. «Жандаулетов Берик Темирханович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 4,5 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 5 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. 2. «Жалгасбеков Талгат Бозжигитович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 3,5 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 4 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. 3. «Маханов Темурлан Мутагуллаевич» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 1 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 4 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. (Департаменттің сұрауына сәйкес алынған, «Арал қаласы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің 05.03.2018 жылғы № 522 санды, «Арал аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 12.03.2018 жылғы №12-1/1023 санды, «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының №19 Арал ауданының балалар –жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 12.03.2018 жылғы №78 санды хаттарымен расталды). 4. «Жалгасбаев Адилет» ЖК- не жұмыс тәжірибесі бойынша 2 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 2,5 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. Осыған байланысты, «Арал аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен №№2199984-1 «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын» тауарын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля

2018-03-13 19:43:04 № 25188

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области Комитета внутреннего государственного аудита МФ РК"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон) и пунктом 11 «Правил проведения камерального контроля, утвержденных Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 2015-11-30 № 598 уведомляет Коммунальное государственное учреждение "Аральский районный отдел образования", 941240001315, г.Аральск о нарушениях, выявленных 2018-03-13 19:43:04.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, признается:

- в случае согласия - устранение нарушений, указанных в уведомлении с обязательным представлением на бумажном или электронном носителе информации об устранении нарушений в Комитет финансового контроля или его территориальное подразделение, направившие уведомление и при необходимости подтверждающих документов;

- в случае несогласия – положительное заключение Комитета финансового контроля по результатам рассмотрения возражения, представленного объектом государственного аудита в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 37 Закона.

В соответствии с пунктом 14 Правил, объект государственного аудита в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении вправе направить в Комитет с одновременным извещением территориального подразделения Комитета, направившего уведомление, возражение согласно приложению 3 к Правилам, в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения (получения) уведомления.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

руководитель Калиев Ганижан Пиртазаевич

Приложение к уведомлению № 25188

от 2018-03-13 19:43:04

№ объявления: 2199984-1

№ лота 16786693-ОК1

Камералдық бақылау жүргізу барысында «Арал аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен №2199984-1 (16813099-ОК1, 16840341-ОК1, 16808291-ОК1, 16813879-ОК1, 16820328-ОК1, 16812349-ОК1, 16807921-ОК1, 16837778-ОК1, 16807693-ОК1, 16815264-ОК1, 16812684-ОК1, 16844356-ОК1, 16816564-ОК1, 16825913-ОК1, 16841794-ОК1, 16778989-ОК1, 16844991-ОК1, 16841366-ОК1, 16812252-ОК1, 16785281-ОК1, 16807149-ОК1, 16779581-ОК1, 16812062-ОК1, 16813773-ОК1, 16817624-ОК1, 16812856-ОК1, 16808695-ОК1, 16813454-ОК1, 16786693-ОК1, 16809038-ОК1, 16811446-ОК1, 16808170-ОК1, 16845381-ОК1, 16813582-ОК1, 16842343-ОК1, 16846343-ОК1, 16813275-ОК1) «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын» тауарын отыз жеті лотпен 348 289 396,00 мың теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша бір қатар бұзушылықтар анықталды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9 бабы 1 тармағы, 1, 2, 3, 4 тармақшаларына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бойынша біліктілік талаптары қойылады. Заңның 27 бабының 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Заңының 21 бабы 4 тармағына сәйкес, неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттарды: 1) әлеуетті өнім берушіде: өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің; Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес, ұсынылатын тауарларға ерікті сәйкестікті растау жүргізілгенін растайтын құжаттың; ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің); Қазақстан Республикасының аумағында қалдықтардан алынған қайталама шикізат тауарына ерікті сертификаттау жүргізілгенін растайтын құжаттың; ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе)

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың болуын; 2) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды көздеуге міндетті. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін есептеу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай - Қағида) 154 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Жұмыс тәжірибесі бір жылдан кем болған немесе ол болмаған жағдайда мұндай пайыз белгіленбейді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағиданың №7 қосымшасының (біліктілік туралы мәліметтер) ескертпесіне сәйкес, егер осы конкурста тауарларды жеткізу тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсеретеді. Сатып алынатын тауарлар нарығындағы жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар тауарларды қабылдау актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады. Дегенмен, №2199984-1 «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын» тауарын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті өнім берушілер «Жандаулетов Берик Темирханович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 4,5 балл, «Жалгасбеков Талгат Бозжигитович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 3,5 балл, «Маханов Темурлан Мутагуллаевич» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 1 балл, «Жалгасбаев Адилет» ЖК-не 2 балл белгіленген. Яғни, конкурс комиссия тарапынан, «Жандаулетов Берик Темирханович» ЖК-і, «Жалгасбеков Талгат Бозжигитович» ЖК-і, «Маханов Темурлан Мутагуллаевич» ЖК-і, «Жалгасбаев Адилет» ЖК-нің конкурстық өтінімінде шартты жеңілдіктер бойынша негізсіз баллдар белгіленбегені анықталды. Атап айтқанда: 1. «Жандаулетов Берик Темирханович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 4,5 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 5 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. 2. «Жалгасбеков Талгат Бозжигитович» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 3,5 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 4 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. 3. «Маханов Темурлан Мутагуллаевич» ЖК-не жұмыс тәжірибесі бойынша 1 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 4 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. (Департаменттің сұрауына сәйкес алынған, «Арал қаласы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің 05.03.2018 жылғы № 522 санды, «Арал аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 12.03.2018 жылғы №12-1/1023 санды, «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының №19 Арал ауданының балалар –жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 12.03.2018 жылғы №78 санды хаттарымен расталды). 4. «Жалгасбаев Адилет» ЖК- не жұмыс тәжірибесі бойынша 2 балл есептелінген, алайда жұмыс тәжірибесі бойынша 2,5 балл болып есептелінуі тиіс екендігі анықталды. Осыған байланысты, «Арал аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен №№2199984-1 «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын» тауарын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.